

**№282 мектеп-лицейінің мектеп асханасының тамақтану сапасына
мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысының
№2 хаттамасы**

**Қызылорда қаласы
18.10.2024 ж**

Қатысқандар: 9

Комиссия төрағасы:

1. Мектеп-лицей директоры: Б.Баймағамбетова
2. Б.Бекенов – қамқоршылық кеңес төрағасы;
3. А.Нүрәліқызы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
4. Л.Садуахасова - мектеп әлеуметтік педагогі;
5. А.Серікболова - мектеп медбикесі;
6. Л.Есенбай – ата-аналар комитетінің төрайымы;
7. Ж.Жантұрсынова - ата-ана;
8. А.Ниязбекова - ата-ана;
9. Ж.Байсейтова - ата-ана.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп асханасындағы оқушыларды тамақтандыру сапасын және санитарлық эпидемиологиялық талаптардың сақталуына мониторинг жұмысын жүргізу.
2. Мектеп асханасында балалардың ас мәзірінің талапқа сай берілуі.
3. Бракераж журналдарының толтырылуы.

Тыңдалды:

1. **Б.Баймағамбетова** - мектеп директоры сөз сөйледі. Асхана қызметкерлерінің санитарлық-гигиеналық жағдайы ас дайындауға азық-түліктің жеткілікті болуы туралы таныстырды. Асханада тамақ өнімдерінің сапасына, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру шарттарын, акт бойынша дайындалған тағамдар ас мәзіріне сәйкес келетіндігі туралы айтып өтті. Асханада температуралық тәртіп сақталған. Тоңазытқыштардың іші таза, бірақ сыртының таза болуын ескертті. Қоймадағы өнімдер жақсы сақталған және тағамдардың жарамдылығы дұрыс, асхана қызметкерлері талапқа сай арнайы формасы туралы айтып өтті. Ыдыстар таза жуылған, өз ретімен сөрелерде жинақталған.

2. **А.Нүрәліқызы** - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйледі. Тамақтандыруды ұйымдастырудағы әдістемелік нұсқаулықтар жинақталған. Мектепшілік комиссия жұмысының құжаттары бойынша, комиссия отырысының хаттамалары бар, мектеп әкімшілігінің асхана блогындағы кезекшілік кестесі, күнделікті ас мәзірі, оқушылардың тамақтану кестесі бекітілгенін айтты.

3. **А.Серікболова** - мектеп медбикесі күнделікті асханадағы жағдайды, тамақтың сапасы мен берілу мөлшерін (нормасын) бақылап отырады, ас әзірлейтін бөлімнің санитарлық тазалығы мен қызметкерлердің жеке басының гигиенасын күнделікті қадағалайды. Жеткізілген азық-түліктердің сапасы мен сақталу мерзімі, шарты,

пайдалану уақытының бақылау жұмыстары күнделікті жүргізіледі. Барлық арнайы журналдар уақытылы толтырылады. Бекітілген ас мәзірі бойынша дайын тамақтардың дұрыс салынуы мен дайын ас шығымы өз деңгейінде. Бракераж журналдарын мектеп медбикесі күнделікті талапқа сай жүргізіліп отырады, қол қойылып шнурлап бекітілгенін айтып өтті.

Қаулы:

1. Асхана тазалығы басты назарға алынсын. Күнделікті бақылап отыру мектеп медбикесі А.Серікболоваға тапсырылсын.

2. Тоңазытқыштың іші, сыртының тазалығы күнделікті қадағаланып отырылсын.

3. Күнделікті ас мәзірінің сәйкес берілуі және қызметкерлердің санитарлық кітапшаларын тексеріп отыру мектеп медбикесіне тапсырылсын.

Мектеп-лицей директоры:

Қамқоршылық кеңес төрағасы;

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Ата-аналар комитетінің төрайымы:









Мектеп әлеуметтік педагогі:

Мектеп медбикесі:

Ата-ана:

Ата-ана:

Ата-ана:

 Б.Баймағамбетова
 Б.Бекенов
 А.Нүрәліқызы
 Л.Есенбай
 Л.Садуахасова
 А.Серікболова
 Ж.Жантұрсынова
 А.Ниязбекова
 Ж.Байсейтова